

Есіл аудандық мәслихатының 2004 жылғы 22 желтоқсандағы № 13/6 "Қажет ететін азаматтардың жеке категорияларына әлеуметтік көмекті жүзеге асыру Ережесін" бекіту туралы шешіміне өзгертулер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Есіл аудандық мәслихатының 2009 жылғы 8 сәуірдегі № 15/7 шешімі. Ақмола облысы Есіл ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 14 мамырда № 1-11-104 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Есіл аудандық мәслихатының 2010 жылғы 15 сәуірдегі № 24/6 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Есіл аудандық мәслихатының 2010.04.15 № 24/6 шешімімен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы “Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” Заңының 6 бабына және Есіл ауданы әкімінің 2009 жылғы 01 сәуірдегі № 01/И-375 хатына сәйкес, Есіл аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Есіл аудандық мәслихатының «Қажет ететін азаматтардың жеке категорияларына әлеуметтік көмекті жүзеге асыру Ережесіне» 2004 жылғы 22 желтоқсандағы № 13/6 шешімімен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Тізілімінде 3000 нөмірімен тіркелген, 2005 жылғы 14 ақпанда аудандық “Жаңа Есіл” газетінде жарияланған), келесі шешімдермен өзгертулер мен толықтырулар енгізілген, Есіл аудандық мәслихатының 2007 жылғы 12 желтоқсандағы № 5/5 « Есіл аудандық мәслихатының 2004 жылдың 22 желтоқсанындағы № 13/6 «Қажет ететін азаматтардың жеке категорияларына әлеуметтік көмекті жүзеге асыру Ережесін бекіту туралы шешіміне өзгертулер мен толықтыру енгізу туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Тізілімінде 1-11-78 нөмірімен тіркелген, 2008 жылғы 11 ақпанда аудандық “Жаңа Есіл” газетінің 7-8 нөмірінде жарияланған), Есіл аудандық мәслихатының 2008 жылғы 12 қарашадағы № 11/3 «Есіл аудандық мәслихатының 2004 жылдың 22 желтоқсанындағы № 13/6 «Қажет ететін азаматтардың жеке категорияларына әлеуметтік көмекті жүзеге асыру Ережесін бекіту туралы шешіміне өзгертулер мен толықтыру енгізу туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Тізілімінде 1-11-92 нөмірімен тіркелген, 2008 жылы 29 желтоқсанда аудандық “Жаңа Есіл” газетінің 71 нөмірінде жарияланған) келесі өзгертулер мен толықтыру енгізілсін:

1 тарадағы :

1 тармақ «Ақмола облысы әкімдігінің «Жергілікті өкілетті органдардың

шешімі бойынша қажет ететін азаматтардың жеке категорияларына әлеуметтік көмек тағайындау мен төлеу» мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарын бекіту туралы 2008 жылғы 07 қазандағы №А-7/428 Қаулысына сәйкес сөзімен толықтырылсын;

2 тараудағы:

4 тармақтағы екінші азат жол: «, Қазақстан Республикасы аумағы бойынша емделу жолақысына» сөзі алынып тасталсын;

5 тармақ бесінші азат жолы «3000 (үш мың) теңге мөлшерінде, ертіп жүрушімен 6000 (алты мың) теңге сөзімен толықтырылсын,

5 тармақ келесі мағынадағы жаңа азат жолдармен толықтырылсын:

Жетім балаларға, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға Есіл ауданы еңбек нарығына қажетті мамандықтар бойынша жоғары оқу орындарында білім алған уақыттарына бір оқушыға жылына 150 000 (жұз елу мың) теңге мөлшерінде бір жолғы көмек. Төлем комиссияның шешімі бойынша жылына екі рет оқу семестрінің аяғында жүргізіледі.

2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап фашистік концлагерде болғандарға коммуналдық қызметтің төлеуге бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек ай сайын өтінішсіз есеп шоттарына аударылып отырады.

2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап, атаулы әлеуметтік көмек алатын қамтылуы аз азаматтарға азық-түлік себетінің өсуіне байланысты 0,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек беріледі.

Есіл ауданында интернатура өтуге келген кезеңіне жоғары медициналық оқу орындарының түлектеріне интернатураның жалпы құнының 50% мөлшерінде бір жолғы әлеуметтік көмек беріледі.

4 тараудың 9 тармағы жаңа редакцияда баяндалсын:

1) өтініш,

2) өтініш берушінің жеке куәлігінің көшірмесі,

3) өтініш берушінің есеп шоты,

4) салық төлеушінің тіркеу нөмірі куәлігінің көшірмесі,

5) азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі,

6) жеңілдік категориясына жататындығын дәлелдейтін құжаттың көшірмесі,

7) әлеуметтік көмекті талап ететіндігін дәлелдейтін құжат,

8) балалар үшін туу туралы куәліктің көшірмесі (0-18 жас).

2. Осы шешім Ақмола облысы, Есіл аудандық әділет Басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және оны бірінші рет ресми жариялаған күннен он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

сессиясының төрағасы

Аудандық
С.Гетманов

мәслихат

хатшысы
КЕЛІСІЛДІ:

әкімінің м.а.
бөлімінің бастығы

Аудандық
Ж.Қажыбаев

Есіл ауданы
Ә. Смағұлов
Ауданың жұмыстырылған және
әлеуметтік бағдарламалар
В.Чернецкая

М Ә С Л И Х А Т

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК